

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №4***

Тәрбиеші: Бітімбай М

2020-2021 жыл

Хаттама №4

Түркістан қаласы

16.05.2021 жыл

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 4

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. Жазғы демалысқа дайындық
3. «Гүл шоғы» тренинг

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Бітімбай Мөлдір ата-аналарды балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді. Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелерін айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жакын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді.Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді,сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Үшінші тәрбиеші ата-аналармен «Гүл шоғы» деп аталатын тренинг өткізді. Тренингте ата-аналарға кішкене гүл шоқтары таратылып берілді, ата-аналар өздерінің гүл шоғына балабақшаға деген тілектерін, алғыстарын жазып, оны тақтада тұрған құмыраға әкеп жапсырды. Ең соңында, ата-ана мен тәрбиешінің біріккен жұмысының нәтижесі ретінде үлкен бір «Гүл шоғы» пайда болды.

Қаулы:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.

Хатшы:

Төрайымы:



Курышбекова Жанна

Асилекова Айгерім